

**№2 шағын орталықты орта мектебінің
Камқоршылық кеңесінің отырысының**

№1 ХАТТАМАСЫ

Қарақат ауылды

30.09.2020ж

Барлығы:9

Қатысқандарды:7

Қатыспағаны:2 (себепті)

КҮН ТӘРТІБІ:

1.Камқоршылық кеңес алдындағы мектеп директорының есебі

1.Тыңдалды: Мектеп директоры Е.Т.Кайпұлдаев:

«Жалпыға міндетті оқумен қамту» шаралары бойынша 2019-2020 оку жылын 132 оқушымен бастадық. Ал қазіргі таңда 2020-2021 оку жылында қыркүйек айының 5 жүлдізындағы қозғалыс есебімен 153 оқушы қамтылып отыр. 153 оқушы 1-11 сыныптар арасында болса, ал шағын орталықта 12 бүлдіршін, мектепалды даярлық сыныбында 9 оқушы бар. Жалпы мектепте 174 оқушы білім алуда. Ауылда оқумен қамтылмай жүрген оқушылар жоқ. Мектепте 15 сынып комплексі бар. Мектеп бес күндік режиммен жұмыс істейді. Барлық мұғалімдер саны-32, кіші қызметкерлер саны-24.

Қауымдастықтар құру туралы: «Көшбасшы ұстаз» қауымдастыры – Зерттеуші – Дамытушы – Үйлестіруші «Ынтымақ ата-аналар қауымдастыры»

Қауымдастықты құру мақсатымыз МДЖ мектепті дамыту жоспарына сай құрып отырмыз. Себебі жаңартылған білім беру жүйесінде қауымдастықтың маңызы өте зор. Мысалы, «Көшбасшы ұстаз» қауымдастырының мақсаты сабакты зерттеу және деңгейлік курсы бітірген ұстаздардың білімін қолданып мұғалімдердің сабак өту барысына әдістемелік көмек беру. Біз бұл қауымдастықты үш деңгейге бөлдік **Зерттеуші топ-мұғалімдердің** сабагына қатыса отырып талдау жасайды. Сабактағы мұғалімнің сәтті және сәтсіз тұстарын айтады. **Дамытушы топ-зерттеуші топ** айтқан кемшіліктерді ескере отырып мұғалімнің сабак жоспарын жасауға әдістемелік көмек негізінде сабак жоспары құрылады. **Үйлестіруші топ-бірінші** деңгейді бітірген мұғалімдер енеді. Сабакты зерттеу бойынша барлық оку процессіне бақылау жасайды.

Тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталсам, жыл бойы жоспарланған іс-шаралар түрлі форматта қашықтықтан өткізілді. Ең алдымен қашықтықтан сабактарды ұйымдастыра отырып ата-аналарға түсіндіру жұмыстары WHATSAPP мессенджері арқылы жүргізілді. Ұлы Женіске 75 жыл толуына байланысты және Ұлы Абайдың 175 жылдығына оқушылар бейнероликтер дайындағы. **Мектептегі кітапхана жұмысы бойынша,** жалпы мектеп кітапханасының кітап қоры-4598. Оның ішінде оқулық саны-

1879, көркем әдебиет саны-2183, казақ тілінде -1413, орыс тілінде-770, әдістемелік әдебиеттер саны-536, электронды оқулықтар(аудио, видео) саны-86. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай, ақын өлеңдерін мәнерлеп оку эстафета-челленджін 5 сыйнып оқушысы Қашқынбай Кәусар жалғастырып, бұл эстафетаны мектеп директорына жолдаған болатын. Мектеп басшысы мәнерлеп оку эстафетасын қабыл алғып, Абай Құнанбай ұлының «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңімен жалғастырды. Оқыған өлеңдері мектептің әлеуметтік парападасына салынды. №2 шағын орталықты орта мектебінде кітап сүйер қауымының «Bookdating» зияткер алаңында еңбек жолын мектебімізде ұстаз болып бастаған, қазіргі кезде Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жамалбеков Нұрдәulet Сүйерханұлы және Аудандық «Құлан таңы» газетінің тілшісі және жауапты хатшысы Базылбек Жәнібек Мамбетұлының қатысуымен кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты: оқушыларға жаңа туындыларды ашу, табысқа жеткен, кітап оқитын қызықты адамдармен таныстыра отырып, тұлға ретінде дамуына қолдау көрсету.

Қазақ елінің мандайыны біткен Ұлы тұлғаның айтулы мерейлі жасына орай, мектепте 8- сыйнып оқушыларымен «Алты Алаштың қайса ұлы» атты танымдық сабак ұйымдастырылды. Бұл іс-шараның мақсаты: Т.Рысқұловтың өмірі мен қазақ халқының ашиқ аспан астында еркін өмір сұру жолына арнаған қоғамдаңқ қызметімен таныстыру.

«Мектепке жол» акциясы аясында мектеп мұғалімдері оқушыларға құрал-саймандар тарту етті.

Камқоршылық кеңес ұсынысымен әлеуметтік категорияға енетін отбасы Дәuletова Гүлжанар есімді азаматшаға білім бөлімінде ұсыныс жасалынып үй жай тазалаушы штаты ашылып беріліп, 2020 жылдың қазан айының 2 жүлдізынан бастап №2 шағын орталықты орта мектебіне кіші қызметкер болып қабылданды.

№2 шағын орталықты орта мектебінде мектеп тұлегі қызметте ерлікпен қаза тапқан полиция лейтенанты **Жанәділов Женіс Үмбетбайұлына** ескерткіш тақта орнатылды. Игі іс-шара Луговой станциясы желілік полиция бөлімінің қолдауымен жүзеге асырылды.

Ұстаздардың жұмысын дұрыс үйлестіру мақсатында және Kundelik. Kz сайтына тұрақты кіру үшін мектеп дәлізінде ұстаздар мен оқушыларға арналған қызмет көрсету бұрышы ашылды.

Мектептің даму жоспарындағы мақсаттарына сай түлектер аллеясын жасау қолға алынып 30 түп шырша көшеті егілді.

Мектеп асханасындағы пеш ауыстырылып жөндеуден өтті. 2020-2021 оқу жылында көмірмен қамту мәселесі шешіліп, 25 тонна көмір қоймаға кіргізілді.

Мектеп ғимаратының барлық терезелері ауыстырылып, жаңа үлгіде салынды. Сонымен қатар жапсарлас мектеп әжетханасы салынды.

2. Сөйлемді: Иманқұлова Сандуғаш-кеңес мүшесі-Мектеп басшысының есебіне байланысты қандай сұрақтар бар екендігін сұрады.

3. Сөйледі: **Момынқұлова Райша**-кеңес мүшесі-Қамқоршылық кеңес отырысының күн тәртібіне қойылған мәселелер толық қаралғандығын айта отырып, өзінің қанағаттанарлық деген бағасын берді.

4. Сөйледі: **У. Жанәділов** -кеңес мүшесі -Осындай жұмыстар атқарған мектеп басшысына және ұжымына алғысын айтты. Мектебімізден үлгілі окушылар шығатынына сенімін білдірді.

Шешімі:

1. №2 шағын орталықты орта мектебінің директоры Е.Т. Кайпулдаевтың есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

Шешім бірауыздан қабылданды:

- | | |
|-------------------------------|---------------------|
| 1. Қамқоршылық кеңес тәрағасы | Т. Тәттіходжаев |
| 2. Қамқоршылық кеңес мүшесі | Ж. Үмбетов |
| 3. Қамқоршылық кеңес мүшесі | Сұлеменова Салима |
| 4. Қамқоршылық кеңес мүшесі | Кульчиков Ардақ |
| 5. Қамқоршылық кеңес мүшесі | Бөлдеков Ерболат |
| 6. Қамқоршылық кеңес мүшесі | Момынқұлова Райша |
| 7. Қамқоршылық кеңем мүшесі | Тоқтасын Ерғали |
| 8. Қамқоршылық кеңес мүшесі | Иманқұлова Сандуғаш |
| 9. Қамқоршылық кеңес мүшесі | Гериков Смаил |